

## Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру

<b>Мемлекеттік орган</b>	Мемлекеттік қызметті Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық бөлімшелері
<b>Қызметті алушылар</b>	Жеке тұлғалар
<b>Қызмет көрсету орны</b>	1). "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам 2). <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> "электрондық үкімет" веб- порталы.
<b>Қызметті көрсету мерзімдері</b>	Кәсіби дипломды беру мерзімі - 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен кешіктірмей. Кәсіби дипломның телнұсқасын беру мерзімі - 2 (екі) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут. Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.
<b>Қызмет құны</b>	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақысыз негізде жеке тұлғаларға көрсетіледі.
<b>Құжаттартізбесі</b>	1) Мемлекеттік корпорацияға: кәсіби дипломды алу үшін: Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін талап етіледі); жоғары немесе орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (диплом); жүзу өтілін растайтын құжат; кемедегі жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық комиссияның қорытындысы ("Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген 086/е нысандағы медициналық анықтама, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) (бұдан әрі - 086/е нысандағы медициналық анықтама); 3,5x4,5 сантиметр өлшемдегі екі фотосурет; кәсіби дипломның телнұсқасын алу үшін: осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты

сәйкестендіру үшін талап етіледі);  
3,5x4,5 сантиметр өлшемдегі бір фотосурет;

2) порталға:

кәсіби дипломды алу үшін

Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; жоғары немесе орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың (дипломның) электрондық көшірмесі; жүзу өтілін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; 086/е нысандағы медициналық анықтаманың электрондық көшірмесі;

3,5x4,5 сантиметр өлшемдегі екі фотосурет (көрсетілетін қызметті берушіге емтихан тапсырған күні ұсынылады);

кәсіби дипломның телнұсқасын алу үшін:

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

электрондық құжат түріндегі 3,5x4,5 сантиметр өлшемдегі бір фотосурет.

Кәсіби диплом, кәсіби дипломның телнұсқасы немесе бас тарту туралы дәлелді жауап.

**Қызмет көрсету  
нәтижесі**

**Мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандарты**

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020436#z11>